



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Референдум - 2022



Алдыңғы арбаның жүрісі маңызды

Әлемдегі және өзіміздің елдегі саяси өзгерістердің көбіне куә болған аға буын өкілдері Мемлекет басшысының Ата Заңға өзгерістер енгізу бастамасы қажетті әрі дер кезінде қабылданған шешім деп есептейді. Киелі Ысқақ баб мәңгілік тыныс тапқан, Қасиетті Бабата ауылында өткен ауылдық ардагерлер бастауыш ұйымдарының төрағалары бас қосқан жиында ардагерлер референдум аясында жалпыхалықтық дауыс берудің маңыздылығын айтып, ауыл жұртшылығын саяси шараға белсенді қатысуға шақырды.

Аталмыш жиынға әр ауылдардан келген делегаттар, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер қатысты. Жиынды жүргізген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов алғашқы сөзді аудан әкімі Мұхит Тұрысбековке ұсынды. Аудан басшысы Ата Заңның жаңа жобасындағы басты маңызды өзгерістерге жеке-жеке тоқталды. Атап айтқанда, Сенат пен Мәжіліс депутаттарын сайлаудың жаңа тәртібі, Мәжіліс сайлауына аралас сайлау жүйесі, бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарын сайлаушылардың кері қайтарып алу, Сенаттың Мәжіліс қабылдаған заңды мақұлдау немесе мақұлдамау құқығы, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару кепілдіктерінің күшейтілуі, өлім жазасының жойылуы, адам құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебесінің күшейтуі туралы мәселелер енгенін атап өтті.

«Конституцияны жалпыхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Парламенттің рөлі күшейтілмек, халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға

жоғары жауапкершілік жүктеледі. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің орнына Ұлттық құрылтай құрылады. Құрылтай елімізді дамытудың өзекті мәселелерін талқылау үшін билік пен халықтың арасындағы дәнекер болады. Оның құрамына еліміздегі барлық аймақтың түрлі сала өкілдері мүше болады. «Мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық» деген принципті іс жүзінде орындалуының айғағы. Референдум мемлекеттің нақты өзгерістерге бет бұрғанын көрсетеді, деді аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы.

Сонымен қатар ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов: «аудандық ардагерлер ұйымының жұмысы туралы айтар болсақ, Референдум бойынша екі бағытта жұмыс істеп жатырмыз, бірінші – Конституцияға өзгеріс енгізудің маңыздылығы туралы, екінші – ардагерлер тұрғындарға референдумның мәнін түсіндіріп, қатысуға белсенділік танытуға шақырудамыз,» деді кеңес төрағасы.

Өз кезегінде аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Сапаров қазақстандық қоғамның саяси алаңында қызу ойын жүріп жатқанын алға тартты. Қоғам белсенділігінің өсе түсуіне жыл басындағы қаңтар оқиғасы әсер еткені даусыз. Ел тағдыры, тәуелсіздік тағдыры сынға түскен кезде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдыңғы сапта болып, Қазақстанның тәуелсіздігін сақтап қалдық. Президент әділетті қоғам орнату идеясын ортаға тастады. Референдумды халықпен келісіп шешу деп білемін. Президентімізді, оның жүргізіп отырған саясатын қолдайық! Сын сағатта тұрғанымызды ұмытпайық!», деді Мұрат Жексенбайұлы.

(Жалғасы 2-бетте).

пәзә

Аудан әкімі Қаратау, Қарақұр ауылдарының тұрғындарымен кездесті

Өткен аптада аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы жергілікті тұрғындармен есепті кездесу жиынын өткізу мақсатында Қаратау, Қарақұр ауылдық округтерінде болды. Алдымен Ақсүмбе елді мекенінде болып, ауыл ақсақалдарына сәлем беріп, тұрғындармен кездесті. Ашық аспан астында өткен кездесуде көпшілікке аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Сондай-ақ 5 маусымда өтетін референдумға орай Ата заңды өзгерту мен толықтырулар енгізуге байланысты түсіндіру жұмысын жүргізіп, халықты белсенді болуға шақырды.

Тұрғындар тарапынан бірнеше мәселе көтерілді. Ақбикеш мұнарасын жарықтандыру және елді мекенде интернет жылдамдығының төмендігін сөз етті. Таза ауыз суға қатысты сауалдарын қойды. Сонымен қатар, «Ақсүмбе» тоғанының 4 шақырымдық науалы каналына жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін айтты. С.Қожанов мектебіне жаңа тасымал көлігін демеушілер есебінен алып беруге жұмыс жасасаңыз деген ұсыныстарын жеткізді. Көтеріп отырған мәселенің орынды екеніне тоқталған аудан әкімі, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін назарға алды. Мәселен, «Ақсүмбе» науалы каналын жөндеу үшін облыстық басқармаға



айтты.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің халықпен есептік кездесуі Қаратау ауылдық округінде жалғасты. Жиынға аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев, тиісті бөлім, мекеме басшылары қатысты. Аудан басшысы Созақ ауданында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттермен бөлісті.

Қаратау халқы кездесу барысында аудан басшысына бірнеше мәселе бойынша сауал қойды. Алтын өндіретін «Теріскей» ЖШС-і қазған орындарды көміп кетсе деген ескерту айтты. Таза ауыз сумен қамту мәселесін көтерді. Мал

кедергі жоқ екенін ескертті.

Жалпы, қаратаулықтар еркін форматта пікір алмасып, аудан әкімінің халықпен кездесуін жоғары бағалады. Кездесу соңында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдау барысында тұрғындар үй құжаттарын рәсімдеу, тұрғын үй кезегіне тұру бойынша жүгініп, тиісінше жауаптар алынды.

Қарақұр ауыл округі тұрғындармен кездескен аудан әкімі онда атқарылып жатқан жұмыстарды оң бағалады. Ауыл округ әкімі Ордабек Жәмиевке бір қатар тапсырмалар берді. Тұрғындар тарапынан, «Қарақұр» су тоғанын мемлекетке қайтарып, жөндеу жұмыстары жүргізілсе деген ұсыныс айтылды. Сонымен қатар таза ауыз су мәселесі де қозғалды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, жергілікті атқарушы органдарға үлкен тапсырма жүктеді. Бізде мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді орындауымыз керек. Міне, сіздердің алдарыңызда тұрып, еркін пікір алмасудамыз. Қатып қалған ресми жиыннан көрі, таза ауада емен-жарқын әңгімелесуге алдарыңызға келдік. Қолдан келген барлық мүмкіндікті жасап, ұсыныстарыңызды орындауға жұмыс жасаймыз,» деген аудан басшысы тұрғындардың сұрақтарына жауап берді.

Ауыз су мәселесі бойынша жобалау сметалық құжаттарын жасатуға тапсырма берді. Ауруханаға жедел жәрдем көлігі жыл соңына дейін алынып берілетінін жеткізді. Сонымен қатар ауруханадағы жылу мәселесі қыс маусымына дейін шешілетінін жеткізді.

Кездесуден кейін аудан басшысы тұрғындарды өтініші бойынша жеке қабылдады. Өтініштер назарға алынып, ауыл шаруашылығын дамытуға байланысты жеке кәсіпкердің ұсынысы шешімін тауып, тиісті бөлім басшысына тапсырма берілді.

Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ.



ұсыныс жасалынатынын, ал айда тұрғындар жерді игеру керектігін айтты. Қазіргі таңда жерді игеруге деген көпшіліктің ынтасы жоқ екенін де ескертті. Интернет жылдамдығына байланысты, «Қаратау» ЖШС ұсыныс береміз деді. Таза ауыз суға байланысты «Шолаққорған-Су» КММ басшысы Ғазиз Нышанбаевқа тапсырма беріп, алдағы уақытта шешуді тапсырды. Мектеп оқушылары үшін тасымал көлігін алуға жергілікті кәсіпкерлерді ұйымдастыруды қолға алатынын айтты.

Аудан әкімі жаңадан салынып жатқан С.Қожанов мектебінің жаңа ғимаратымен танысып, мердігер компания өкілдеріне сын ескертпелер

жайылымдық жер бойынша туындап отырған жағдайды баяндап, шаруаларға жер алуға байланысты ұсыныстарын ортаға салды. Учаскелік полиция жұмысына сын ескертпелер айтылды.

«Сіздердің айтқан ұсыныстарыңыздың бәрі орынды. Айтылған ұсыныстар ескерусіз қалмайды. Мүмкіндігіне қарай көтерген мәселені шешеміз. Біздің құзырымызға кірмейтін жағдайларды тиісті орындарға жеткіземіз,» деді аудан басшысы.

Ауыз су мәселесіне қатысты тиісті бөлімге жобалау жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Мал шаруашылығын дамыту үшін ауыл шаруашылық мақсаттағы жер алуға ешқандай



елдің әрбір азаматы Конституцияға өзгерістер енгізу туралы өз пікірін білдіруге құқылы екенін айтып, Қазақстан халқын бүкілхалықтық референдумды қолдауға шақырған үндеуін жариялады. Сонымен қатар «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жаңадан құрылған Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарында филиалдары құрылатын болды. Бүгінде ардагерлердің орталық кеңесінде және барлық 17 өңірдегі филиал төрағаларының

Алдыңғы арбаның жүрісі маңызды

(Соңы. Басы 1-бетте). Іс-шараға онлайн қосылған өңірлердегі ардагерлер де пікірлерін айтып, саяси науқанға қолдау білдірді. «Аға буын Президенттің елімізді жайлаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған батыл шараларын үлкен ризашылықпен қабылдап жатыр. Конституция бойынша халық көкейінде жүрген көп мәселенің күн тәртібіне шықты. «Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға көшу өз шешімін табатын

болды. Енді елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейтеді. Депутаттар сайлауындағы өзгерістер де халық пен өкілетті органның арасындағы байланысты, соның ішінде кері байланысты күшейтеді. Ардагер сөзінде азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру де, Конституциялық сот құру және Конституциялық бақылау жасау институтын жаңарту жайында да ой-пікірлерін ортаға салды. Республикалық Ардагерлер ұйымы

ұйымдастыруымен референдумды қоғамдық қолдау штабтары құрылып, жұмыс істеуде. Топқа жергілікті өңірге танымал, мемлекет және қоғам қайраткерлері, елге сыйлы ардагерлер жымылдырылды. Олар конституциялық реформалардың негізгі ережелерін тұрғындарға кеңінен түсіндіруді қолға алған. Созақ ауданы да бұл игі бастамалардан шет қалмай елдің ертеңі үшін бүгіннен бастап берекелі іске бет бұруда.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕФЕРЕНДУМ



Өздеріңізге мәлім, Президент Қ.Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ел бірлігі – жаңарған Қазақстанның тірегі» атты XXXI сессиясында Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу аясында республикалық референдум өткізуді ұсынды. Бүгін осы мақсатта Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының ұйымдастырған іс шарасында кеңінен сөз болды. Ашық пікір, бүкпесіз ой, ұтымды ұсыныс ортаға салынды. Қазіргі таңда көптің талқысына түсіп жатқан референдумға қатысты өзге өңірлермен ZOOM платформасымен бейнебайланыс орнатып, әріптестеріміздің

пікірін тыңдадық. Жалпы, референдум азаматтарды саяси белсенді болуға шақырып, әрбір тұрғынға мемлекеттің дамуына атсалысуға үлкен мүмкіндік береді. Әсіресе, конституциялық реформа жүргізудегі партияларға берілетін жеңілдіктер де тұрғындардың қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуына жол ашды. Бүгінде Мемлекет басшысының бұл бастамасы жаппай қолдауға ие болып, республика көлемінде жалпыхалықтық науқанға дайындық жұмыстары басталып кетті. Меніңше, түптеп келгенде, «референдумды демократияның маңызды институты» деп қарасақ, онсыз Жаңа Қазақстанды құру мүмкін емес деп білемін. Жиынға қатысқандардың түйген ой-пікірлері осыған саяды.

Нұржамал МАЙУСОВА,
«AMANAT» партиясы жанындағы штаб мүшесі.
Аудандық мәслихат депутаты.

Айбарлы Ата Заңымызға енгізілетін өзгерістер Созақ ауданының жастарын да қызықтырып отыр. Өйткені елдің ертеңіне елендеп, адал қызмет етуді мақсат еткен отаншыл жастардың қалауы – жарқын келешек. Елді өркендетуге енжар қарамайтын жастардың бір тобы ауданымыздағы жастар орталығында бас қосып, референдумға ұсынылған өзгерістердің маңызын талқыға салды. Мәселен, республикалық референдумды қоғамдық қолдау, Конституцияға енгі-



командасының капитаны, «Тұран» университетінің бірінші курс студенті Нұрхан Диханұлы. Ал аудандық мәслихаттың депутаты Базарбай Нұрлановтың пікіріне сүйенсек, референдум өткізу бейжай қарайтын мәселе емес. Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, Президенттің мұндай бастамасын жаһандық сын-қатерлерге толы қазіргі кезеңде елдің саяси жүйесін жедел жаңғыртуға жасалған батыл қадам деуге болады. Де-

Сарапшылар пікірі қандай?

Республикалық референдум 5 маусымда өтеді. Ол туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелеріне қатысты бейнеүндеуінде айтты. Сарапшылар бұл айрықша саяси маңызды шешім деген пікірлерін білдірді, деп хабарлады тілшісі. Сарапшылардың айтуынша, осы өзгеріс бірқатар билік өкілеттілігін қайта бөлуді, мемлекетті басқаруда халықтың үлесін арттыруға жол ашды.

«Қазақстанда жеке тұлғалардың, азаматтардың ойы, пікірі, олардың құқығы жоғары және басты болатын осындай мемлекеттік жүйе құрылаы деп жатыр. Жаңа Қазақстанда, екінші Республикада өзінің таланты бар, ойы, пікірі бар азаматтардың мақсаты болса, осы мүмкіндікті пайдалана отырып, іске асырады деген сөз», – деді саясаттанушы Ерлан Ахмеді.

Ал Сенат депутаты Дана Нұржігіт бұл жолы өтетін референдум мемлекет пен қоғам қатынасында тиімді құқықтық негіз қалыптастыратын айтты. Қазақстандықтарды бірауыздан референдумға қатысуға шақырды. Ол әділетті Қазақстанды құруға әрбір жан атсалысуы қажет деп санайды.

«Қадірлі Отандастар, Жаңа Қазақстанның жаңа тарихын бірге жазатын, бірге шешім қабылдайтын, бірге талқылайтын сәт келді. Сондықтан референдумға бәріміз бір адамдай белсенді түрде қатысып, азаматтық позициямызды, ой-пікірімізді айтып, Қазақстан Республикасының Ата Заңын бірге жасап, бірге жазайық», – деді ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дана Нұржігіт.

«Созақ үні»-ақпарат.

Аудан жастары-жарқын болашаққа

зілген бұрынғы өзгерістерді Парламенттің қос палатасының депутаттары ғана талқылады. Бұрын мұндай өзгерістерді енгізуді мақұлдау бұқараның араласуынсыз шешімін тапты. Ал бұл жолы өзгеше қадам жасалып отыр. Бұл – халықтың талқысына ұсынылып, референдум арқылы таңдау жасау.

–Қазір ауылдардың әкімін жергілікті тұрғындар сайлайды. Алайда халық сенім артқан әкімдердің қолында ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартатындай тетік жоқ. Ауыл әкімдері тек салық жинау, сенбілік ұйымдастыру секілді шаруалармен айналысып жүр. Ықпалы жоқ әкім аудандық, қалалық, облыстық әкімдікке жалтақтап қарайды. Қаржылық мәселелерді шешу үшін өзінің шешім қабылдауы қиын. Енді референдумнан кейін тек ауылдық округтің емес,

аудан, қала, облыс әкімін халық сайлайтын болса, тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту бағытында оң өзгеріс болатынына үміт бар. Сол әкім сайлауына үміткер ретінде іскер, танымал, халықпен етене араласып жүрген азаматтар түсуге мүмкіндік алады.

Бұл демократиялық тұрғыдан өте тиімді қадам деуге болады. Былтыр дәл осындай батыл тәсіл ауылдық округ әкімдерінің сайлауы кезінде тәжірибе ретінде бастау алды. Бүгінгі қазақ қоғамы осы үрдістің тәжірибе күйінде қалмағанын, алдағы уақытта аудан, қала әкімдері де тікелей сайланғанын қалап отыр. Отаншылдық, патриоттық сезімі бар жастар елдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне оң ықпалын тигізетін өзгерістерді қолдайды. Соның дәлеліндей, өңірдегі

жас белсенділер әлеуметтік желілерде референдумға қолдау білдіру мақсатында челлендж акциясын бастады. Онда белсенділер бұқараны референдумға қатысуға шақырған жазбалары мен видеоларын бөлісіп жатыр.

– Біз Созақ ауданының жастары Жаңа, Әділетті Қазақстанды құруға үлесімізді қосқымыз келеді. Әрине, біз әлі студентпіз, жұмысқа орналаса қойған жоқпыз. Бірақ еліміздің келешегі жарқын болуы үшін қоғамдағы өзгерістерді жатсынбауымыз керек. Сол себептен, бүгінгі қоғамның бір мүшесі ретінде замандастарымыз алдағы референдумға қатысуы қажет деп есептейміз. Өйткені біз Қазақстанның өркендеу жолы, басқару тетігі жаңарғанын, сол мақсатқа жеткізер өзгерістер Конституцияға енгізілгенін қалаймыз, – дейді Созақ жастарының бірі, «Созақ КВН»

мек референдум – әрбір азаматқа ел тағдырын шешуге тікелей қатысуға мүмкіндік беретін маңызды демократиялық тетік. Екіншіден, Ата Заңның бірнеше бабына енгізілетін түзетулерді зерделейтін болсақ, демократиялық дамуға, Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған тың мемлекеттік модельді байқаймыз. Суперпрезиденттік басқарудан бас тарту арқылы саяси жүйенің орнықтылығы үшін тепе-теңдік жүйесін құру көзделіп отыр. Үшіншіден, Президенттің Орталық сайлау комиссиясы төрағасы мен құқық қорғау органдары басшыларының партияға мүше болуына тыйым салу да маңызды өзгерістің бірі екені даусыз. Мұндай өзгеріс партиялар арасындағы бәсекелестік күрестің негізін қалайды,–дейді Базарбай Нұрланұлы.

Мақсат ЖЕҢІСУЛЫ.

Сессия



хатының 2021 жылғы 9 наурыздағы №13 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағида-сын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

6.Созақ ауданы әкімдігі жанынан құрылған терроризмге қарсы комиссиясы мүшелігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

7.Созақ ауданы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәсе-

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс он алтыншы сессиясы өтті

Өткен аптада жетінші шақырылымындағы аудандық мәслихаттың кезектен тыс он алтыншы сессиясы өтті. Сессия жұмысын аудандық мәслихат хатшысы Байғараев Бегімбет Биімбетұлы жүргізді. Сессияның күн тәртібінде мына мәселелер енгізіліп бекітілді:

1.Созақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №63 «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2.Этносаралық қатынастар мәселелері жөніндегі комиссия құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

3.Созақ ауданы әкімдігі жанындағы Жастармен жұмыс жүргізу жөніндегі кеңес құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

4.Созақ ауданы әкімдігі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңес құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

5. Созақ аудандық мәсли-

лелері жөніндегі комиссия құрамына өзгерістер енгізу туралы.

8. Созақ ауданы әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрамы мен мүшелігіне өзгерістер енгізу туралы.

Осы аталған мәселелер бойынша депутаттар тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылып, тиісті шешімдер қабылданды.

«Созақ үні»-ақпарат.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Созақ ауданы әкімінің Өкімімен Мерей Ниязәліұлы 2022 жылдың 18 мамырынан бастап Созақ аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жаңадан тағайындалған бөлім басшысын ұжыммен таныстырып, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Мерей Ниязәлі 1989 жылы Созақ ауданы, Тасты ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары. Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетін 2010 жылы «Заңгер» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2011 жылы Созақ аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жастар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңгері болып бастаған, 2014-2017 жылдары Созақ ауданы әкімінің көмекшісі, 2017 жылдың маусым айынан қазіргі күнге дейін Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы болып қызмет атқарған.

Жанжұлы.



Созақ ауданы әкімінің Өкімімен Бакиров Абдухат Абдисаматұлы аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің басшысы Абдухат Бакировты таныстырып, қызметіне табыс тіледі.

Бакиров Абдухат Абдисаматұлы 1977 жылы Созақ ауданы, Шолаққорған ауы-

лында дүниеге келген.

Білімі – жоғары. 1997 жылы Шымкент қаласындағы Шымкент энергетика және бизнес колледжін «Есептеу техникасымен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламалармен қамтамасыз ету» мамандығы және 2013 жылы Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар достығы университетін «Экономика» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Созақ аудандық бөлімшесінде аға маман болып бастаған, 1999-2006 жылдары аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы, 2006-2007 жылдары «Ремонтажсервис» ЖШС-нің көрсетілетін қызметтерді жоспарлау бойынша экономисті, 2007-2010 аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы, 2012-2013 жылдары аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің бас маманы, 2013-2015 жылдары аудандық мәслихат аппараты тұрақты комиссиялар бөлімінің бас маманы, бөлім меңгерушісі, 2015-2019 жылдары Созақ ауданы әкімі аппараты персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің басшысы, 2019 жылдың желтоқсан айынан қазірге дейін Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы болып қызмет атқарған.

Жанжұлы.

«Созақ үні»-ақпарат.

Көршілес облыстың ауданымен достық қатынас



Ұлы Жеңіс күні мерекесі қарсаңында Сарысу – Созақ аудандары арасында достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында, жастарға патриоттық тәрбие беру мен жас ұрпақты қалыптастырудағы еселі еңбектері

жоғары бағалаймыз. Осыған орай Сарысу ауданының әкімі Марат Сұлтанғалиев Құмкент ауылдық округіне келіп ауылымыздың тыл ардагерлері Бакиров Асаубай мен Науанов Совет қариялардың үйлеріне барып Жеңіс күні мерекесімен құттықтап шапан жауып, сый сипат көрсетіп, алғыс хат табыстады. Осы іс шараға ауыл әкімі Ф.Пәрдебекұлы және ауыл ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Досболов қатысты. Тыл ардагерлері А.Бакиров С.Науанов сый құрметке ризашылығын білдіріп, ақ баталарын берді. Ауылымыздың тыл ардагерлерін келіп құттықтап құрмет көрсеткен Сарысу ауданы әкімдігіне алғысымызды білдіреміз.

Е.ДОСБОЛОВ,
Құмкент ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында ауылдық округтері мен кенттері әкімдерінің халықпен кездесулерінің кестесі.

| № | Елді мекен атауы | Кездесу өткізілетін күні, уақыты | Жеке қабылдау өткізілетін күні, уақыты, өтетін орны |
|---|-------------------------|---|--|
| 1 | Созақ елді мекені | Созақ ауылдық округі 03.06.2022 ж сағат 11:00 Созақ ауылдық мәдениет үйі | 03.06.2022 ж сағат 12:30 Созақ ауылдық мәдениет үйі |
| 2 | Жартытөбе елді мекені | Жартытөбе ауылдық округі 03.06.2022 ж сағат 11:00 Ауылдық округі әкімінің мәжіліс залы | 03.06.2022 ж сағат 12:30 Ауылдық округі әкімінің мәжіліс залы |
| 3 | Құмкент елді мекені | Құмкент ауылдық округі 03.06.2022 ж сағат 11:00 Ауылдық округі әкімінің мәжіліс залы | 03.06.2022 ж сағат 12:30 Ауылдық округі әкімінің мәжіліс залы |
| 4 | Шолаққорған елді мекені | Шолаққорған ауылдық округі 03.06.2022 ж сағат 11:00 Ауылдық округі әкімінің мәжіліс залы | 03.06.2022 ж сағат 12:30 Ауылдық округі әкімінің мәжіліс залы |

Музей қызметкерлерін құттықтады



Халықаралық Музей күніне орай аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Сұлтанбек Қожанов атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейінде болып, қызметкерлерді айтулы күнмен құттықтады.

–Аудандық музей халыққа қызмет көрсетіп, тарихымыз-

ды түгендеп отырған орын. Бүгінде аудандық музейге келуші қонақтар легі толстаған емес. Музей ұжымы оларға қашанда сапалы қызмет көрсетіп, өлке тарихын мақтанышпен жеткізеді. Өз атыман барлық музей қызметкерлерін құттықтаймын. Өлке тарихын насихаттау жұмысындағы еңбектеріңізді жоғары бағалаймын,-деді аудан басшысы.

Сұлтанбек Қожанов атындағы тарихи-өлкетану музей директоры Ниязәлі Дүйсенбеков пен музей қызметкері-Экскурсовод Гүлнар Өмірбековаға алғыс хат тапсырды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Конституциялық реформа-Жаңа Қазақстанның жарқын болашағына бетбұрыс

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 5 маусымға Республикалық референдум тағайындағаны барша қазақстандықтарға белгілі.

Конституциялық реформа - Жаңа Қазақстанның жарқын болашағына жасалып отырған бетбұрыс, қоғамда демократия қағидаттарын орнықтыруға жасалған қарымды қадам деп айтуымызға толық негіз бар.

Ата Заңымыздың алғашқы сұлбасы 1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданды. Содан бергі 27 жыл ішінде оған Парламенттің заң шығарушылық қылығымен бірнеше өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазір әлем күн санап өзгеріп жатыр. Халықтың талап-тілектері мен сұранысының да сипаты өзгеруде. Жаһандану процестері қоғамдық қатынастардың жаңа форматын қалыптастырып отыр. Сол себептен де, Президент еліміздің саяси жаңғыруын, билік тармақтары арасындағы өзара қарым-қатынастардың оңтайлы балансын, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның тиімді диалогын қалыптастыруды көздейтін саяси реформалар бағдарламасын ұсынып отыр. Осы орайда Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа арнаған бейнеүндеуінде: «Біз бәріміз бір ел болып Жаңа Қазақстанды, әділ Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз... Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша, Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет», - деді.

Қазіргі Ата Заңымызда 98 бап бар болса, оның 33-іне өзгеріс енгізілетін болады. Бұл Конституцияның 3/1 бөлігі өзгереді деген сөз. Бұл ретте, конституциялық реформа тікелей бүкілхалықтық дауыс беру арқылы жүзеге асырылатын болады, бұл оның жалпылттық сипатын көрсетеді.

Конституциялық реформаның негізгі бағыты ретінде биліктің барлық тармақтары арасындағы өкілеттіктер мен құзыреттердің барынша оңтайлы тепе-теңдігін қалыптастыруды айтуымызға

болады. Президент ағымдағы жылдың наурыз айында жасаған Жолдауында суперпрезиденттік басқару формасынан қуатты Парламенті, есеп беретін Үкіметі бар президенттік басқару моделіне көшу қажеттігіне баса назар аударған болатын. Сол себептен де, Конституциялық реформаның негізгі бағыттарының бірі - Президенттің бірқатар өкілеттіктерін қысқарту болып табылады. Мәселен, Конституцияға ҚР Президентінің өз өкілеттігі кезеңінде саяси партияға мүше болмауы туралы норма енгізілетін болады. Келтеген шет мемлекеттерде Президенттің кандидатурасын белгілі бір партия ұсынуы мүмкін, ал осы кандидатура Президент болғаннан соң өз өкілеттігі кезеңінде саяси партияға мүше бола алмайды. Бұл оның өзін ұсынған партияға басымдықтар бермеуін, саяси бетарптығын қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын шара болып табылады.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» демекші, Ата Заңымызға ҚР Президенті жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызмет атқаруға, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басшы лауазымын иелену құқықтарын болдырмау жөніндегі норма енгізілгені отыр. Бұл өз тұсында Президент туыстарына қандай да бір артықшылықтар бермеу, белгілі бір мемлекеттік игіліктерді пайдалануда барлық азаматтар құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету үшін жасалып отырған әділ қадам деп бағалаймын.

Президент облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін өңір (қала) мәслихаттарының барлық депутаттарының келісімін ала отырып баламалы негізде (кемінде екі кандидатура ұсыну арқылы) тағайындайтын болады. Бұл да әділеттік принциптерін орнықтыру, осы саяси лауазымға барынша лайықты кандидатураны іріктеп алу мақсатында енгізілгені жатқан норма болып табылады және ол білімі, кәсіби дайындығы мен ұйымдастырушылық қабілеті жоғары мамандарға саяси қызметтің тұтқасын ұстауға мүмкіндік берері анық.

Президент қолданыстағы Конституцияға сәйкес Сенаттың 15 депутатын



Қ.БАЛАБИЕВ,
Референдумды қолдау жөніндегі облыстық штаб төрағасы, Түркістан облыстық мәслихатының хатшысы.

тағайындайтын болған. Қазір Сенаттың 10 депутатын, оның ішінде 5-еуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындайтындығы туралы норма енгізілетін болады. Өз тұсында бұл өзгеріс президенттік ықпалды азайту мақсатында қолданылып отырған шаралардың бірі.

Парламентке заң шығару қызметінің тиімділігін арттыру және оны күшейту мақсатында бірқатар өкілеттіктер беріледі. Мысалы, халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкіметтің заң шығару тәртібімен енгізілген заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады. Аталған заң жобалары қаралып жатқанда Үкімет заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға құқылы. Соңғы кезде орын алған

коронавирус пандемиясы, қаңтар оқиғасы, түрлі төтенше жағдайлар осы жағдайларға жедел жауап қатуды шектейтін заң қабылдау ісіндегі бірқатар кемшіліктердің бетін ашты. Конституцияға мұндай норманы енгізу заманымыздың түрлі тәуекелдеріне шұғыл ден қою қажеттілігінен туындап отырған шара деуімізге болады.

Жалпы Ата Заңымызға енгізілгені отырған өзгерістер мен толықтырулар пакетіне зер салсақ, сайып келгенде барлық нормалар суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып, президенттік республика моделіне көшуге, мемлекеттік билік функцияларын монополиясыздандыруға, халықтың мемлекеттік басқару ісіне араласуын кеңейтуге, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған.

Референдумға қолдау көрсету мақсатында құрылған облыстық штаб төрағасы ретінде бүгінде конституциялық реформаларды кеңінен насихаттау мақсатында ауыл-аймақтардың тұрғындарымен кездесулер өткізіп келеміз. Осындай кездесулер үстінде Конституцияға енгізіліп жатқан өзгерістердің қалың көпшіліктің көңілінен шығып жатқандығын аңғару қиын емес. Шын мәнісінде халық осы конституциялық реформадан көп үміт күтеді. Көпшілік қауым саяси ұстынымызды оңтайландыру жолымен әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге жағдай жасалатындығына мол сенім артуда.

Осы тұста Референдумға қолдау көрсету жөніндегі облыстық штабтың атынан оның төрағасы ретінде облыс тұрғындарына үндеу жолдағым келеді.

Қадірменді әлеумет!

Ұлтымыз тағдыршешті сәтте тұрған шақта баршаңызды ел Президентінің жанына топтасып, Жаңа Қазақстан, Екінші Республика құру идеясын қолдауға шақырамын. Бүкілхалықтық референдумға белсенді қатысып, өз ұстанымдарыңызды білдіру - азаматтық парыз! Оның жарқын болашағы үшін жұдырықтай жұмылып еңбек ету - әрбіріміздің перзенттік борышымыз!

2022 жылғы 22 мамырда Түркістан қаласындағы Конгресс-холда Референдумды қоғамдық қолдау жөніндегі республикалық штаб төрағасы Т.Т.Мұқашевтың бастамасымен штабтың өңіраралық көшпелі кездесу болып өтті.

Кездесуге «AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы штаб мүшелері, аудан, қалалық мәслихат депутаттары. Қоғам белсенділері мен өзге де партия өкілдері қатысып, бір мақсатқа жұмылдыратын референдумды қолдау туралы ойларын ортаға салды.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың Жаңа Қазақстан құру жөніндегі идеясынан туындайтын конституциялық реформаны халық талқысына шығару мақсатында өткізіліп отырған Бүкілхалықтық Референдумның тағдыр шешті маңызын баршаңыз жете түсінуге тиіспіз.

5 маусымда Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдау бойынша бүкілхалықтық Референдум болмақ. Осы күннің саяси маңызын насихаттау мақсатында Түркістанда Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары және Шымкент қаласы мәслихатының хатшылары, тұрақты комиссиялары мен төрағаларымен және

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАМЫЗ



жергілікті депутаттардың қатысуымен референдум туралы кездесу болды.

Референдумды қоғамдық қолдау жөніндегі республикалық штабтың және «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұқашев Төлеубек сөз ұстады.

«Референдум-халық билігінің айқын үлгісі, әрбір қазақстандықтың өз азаматтық ұстанымын білдіру арқылы Жаңа Қазақстанды құруға тікелей

үлес қосуының жарқын көрінісі. Мемлекет Басшысының Жаңа Қазақстанды, Екінші Республика құру идеясының Референдум өткізуден бастау алуы - тарихи оқиға. Өйткені, бұл 27 жылдан кейін өткізіліп отырған екінші Референдум. Бұған дейінгі Конституцияға өзгерістер Парламентте талқыланып, енгізіліп келген. Өткізілгені отырған Референдумның тарихи мән-маңызы ол тұтастай ұлттың тағдырына қатысты мәселелерді ха-

лықтың талқысына шығару, оның мемлекеттік билікке тікелей қатысуын қамтамасыз ете отырып, демократия негіздерін орнықтыру» деген Төлеубек Төлеуұлы жиын қатысушыларына сөз ұсынды.

Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ізмұхамбетов Бақтықожа референдумның ел болашағы үшін, ұрпақ келешегі үшін қажеттілігіне тоқталса, Республикалық кәсіподақ федерациясының орынбасары Нұрлан Өтешов, Қазығұрт аудандық мәслихатының хатшысы Өрісбай Көпеев, Шымкент қаласы мәслихатының хатшысы Бахадыр Нарымбетов, Алматы облысы мәслихатының депутаты Әсел Төлепбергенова, Жамбыл облысы мәслихатының депутаты Сұлтан Өсербаев, Түркістан облысы мәслихатының депутаты Қалыма Жантөреева, Түркістан облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов өңірлерде референдумды өткізу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

Референдум өткізу жөнінде ел азаматтарының алдына қойылған міндетті жүзеге асыру мақсатында «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен республика көлемінде және өңірлерде Қоғамдық штабтар құрылды.

Аталған қоғамдық штабтарға үкіметтік емес ұйымдар, зиялы қауым, бұқаралық ақпарат құралдары және саяси партиялар («Аманат», «Ақжол», «Ауыл») өкілдері, қоғам қайраткерлері, жас мамандар, мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, жоғары оқу орындарының ректорлары, этно-мәдени бірлестіктердің және білім саласының өкілдері де еніп отыр. Бүгінде Референдумды қоғамдық қолдау жөніндегі республикалық штаб және өңірлердің қоғамдық штабтары республика көлемінде ақпараттық-насихаттық жұмыстарды кеңінен және белсенді түрде жүргізуде.

Нұржамал МАЙУСОВА,
Аудандық мәслихаттың депутаты.

КІТАП-ҒАСЫРЛАР МҰРАСЫ



Кітап оқу адам бойына тек рухани азық болып қана қоймайды, сонымен қатар жан дүниесін байытуға ықпал жасайды. Жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу қызыреттілігін дамыту, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамыту, жоғары эстетикалық талап, талғамын қалыптастыру, бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіру, Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің кезекті отырысында берген тапсырмасы бойынша «Кітап оқуға құштар мектеп жобасын» іске асыру мақсатында мектебіміздің бейін ісі жөніндегі орынбасары Дәулеткелдіқызы Фатима, қосымша білім беру педагогы Утешова Әселдің ұйымдастыруымен 2022 жылдың

4 мамыр күні Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінде оқушылардың кітап оқу мәдениеті мен оқу сауаттылықтарын дамытуға бағытталған «Кітап-ғасырлар мұрасы» байқауы болып өтті. Мектебіміздің мәжіліс залына Созақ аудандық кітапханасының кітапханашылары мен мектеп кітапханашылары керемет көрмесімен көрермендерге кітап қорының байлығын насихаттайтын ой салды.

Байқауға 8-10 сынып оқушыларынан 21 үміткер, 5-7 сынып оқушыларынан 12 оқушы, 3-4 сынып оқушыларынан 10 оқушы қатысып, сынға түсті. Байқауға қатысу үшін 3-4 сынып оқушылары үшін балалар әде-

биетінің атасы, аса көрнекті ағартушы, ұлы педагог Ыбырай Алтынсаринның әңгімелерін оқу, 5-7 сынып оқушылары сөз зергері ұлт мақтанышы Ф.Мүсіреповтің Ана жайлы 10 әңгімесін оқу ұсынылса, 8-10 сынып оқушыларына даңқты жауынгер, әскери қолбасшы, жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін оқып келу тапсырылды. Байқау үш кезең бойынша өткізілді.


«Тізбектелген түсінік» сайысы /түсінік айту, мазмұндау, ой жалғастыру/, Сұрақ-жауап /жорға сұрақтары/, «Мағынаны таны» /берілген үзіндіден кейіпкер бейнесін, жер-су аттарын, оқиға арқылы, үзінді арқылы шығарма атын табу/ Байқауға Созақ аудандық кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімше басшысы, мыңдаған кітапханашылардың әдіскері, оқырмандардың сүйікті жол сілтеушісі Бейсехулова Эльмира, ұлт руханиятының жанашыры Жарымбетов Болат Есейұлы, мектебіміздің білікті маманы, көркем әдебиетті сүйіп оқитын жастарды баулитын шебер ұстаз Үмбетова Майра апайларымыз қазылық жасап, сайысқа өз бағаларын берді. Сайыс өте тартысты өтті.

Нәтижесінде бас жүлдені иеленген 9 б сынып оқушысы Тәжмұхамбет Нұрлан, 5 г сынып оқушысы Асантай Заттыбек, 4 в сынып оқушысы Күзенабай Еркежанға арнайы мақтау қағазы мен 15000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы берілді. I орынды иеленген: 10 қ/т -сынып оқушысы Өтелбай Камшат, 5 г сынып оқушысы Ерманұлы Бекжан, 3 г-сынып

оқушысы Жанайдар Аружанға 10000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы мен арнайы грамотамен марапатталды. 8 ә-сынып оқушысы Темірханқызы Айша, 5 в сынып оқушысы Шыңғысқызы Аяулым, 4 б -сынып оқушысы Төлебай Асылжан II орыннан көрініп, 5000 теңгенің сертификатына ие болды. 9 қ/т -сынып оқушысы Есенгелді Әйгерімге, 5 г-сынып оқушысы Серікбайқызы Кәусарға, 4 в-сынып оқушысы Стахан Нұрдаулетке III дәрежелі диплом мен 3000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық табысталды. Жақсыбай Бекнұр, Мелдебек Еңлік, Сұлтан Назира, Мұхтар Элмира, Тұрсын Мұхаммеджан, Әбдібек Сүйрік, Серікбайұлы Рахман, Баймаханова Жансезім секілді кітапқа құштар оқушыларымыз арнайы номинацияларға ие болып, 1000-2000 теңге көлеміндегі ақшалай сыйлық иегері атанды. Сондай-ақ, Жүсіп Аружан, Стахан Сабина, Құлтай Жұлдыз, Қанжан Ернұр сынды оқушыларымыздың да сайыста өздерінің осал қарсылас емес екендігін байқатқандығын атап өткіміз келеді.

Байқауға Созақ ауданы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы Төлепбергенов Жеңісәлі Бақытжанұлы, заңгер Жарымбетов Болат Есейұлы, аудандық білім бөлімінің әдіскері Досболов Ерік, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жұмәділ Бақыт ағайымыз, тәрбиеші Балаубекова Гүлғайша алайымыз, мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиет пән әдіс бірлестігінің мұғалімдері мен бастауыш сынып мұғалімдері ақшалай демеушілік жасады. Балаға жасаған жақсылықтарыңызға, бүлдіршіндерге сыйлаған құаныштарыңызға, бүгінгі игі істеріңізге мектеп ұжымы атынан үлкен алғыс айтамызды айтамыз.

Фатима ДӘУЛЕТКЕЛДІҚЫЗЫ, Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейі мектеп директорының бейін ісі жөніндегі орынбасары.



Жұмысшы топтың жонға сапары

Өткен аптада, мамырдың 19 күні ауылшаруашылығы жануарларын жаю қағидаттарын сақтауды шаруақожалық иелері арасында насихаттау үшін ауданнан жұмысшы топ шығып, Жонға барып қайтқан болатынбыз. Жұмысшы топтың құрамында: Аудандық Кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов, Құмкент ауылдық округінің әкімі Фани Пардебекұлы және ауыл шаруашылық маманы Мұхтар Әділбеков пен аудандық жергілікті Полиция қызметкері Дәулет Уәли мен «Созақ үні» газетінің тілшісі Данияр Бек болды. Жалпы, жерлестеріміз Жон деп атап кеткен ауылшаруашылығы жерлерін Шолаққорған, Жартытебе мен Құмкент ауылдық округіне қарасты шаруақожалық иелері жайлап отырады. Мақсатты насихатымызды Одаманда

лаған шаруақожалық иелеріне заңды осындай тұстары барын, сол себепті де көктемде егін егісін күзге дейін көзінің қарашығындай қори бағып, мүмкіндігінше алдындағы малын егілген егістен аулаққа бағу қажеттігін ескерттік. Сосын менің осы сапар барысында байқағаным, біздің ауданымызда ауылшаруашылығы мақсатында жер бергенде мына жәйттарды ескерген жөн екен: біріншіден, бірлі-жарым мал шаруашылығымен айналысып отырған азаматтарымыздың күні бүгінге дейін жайылымдық мақсаттағы жері жоқ екен. Екіншіден, жайылымдық және шабындық мақсаттағы жерлер, бәлкім, егістік мақсатындағы болуы да мүмкін, егіс егумен айналысатын шаруаларға берілген дағы, мал жаятын жайылым жоқтың қасы екен. Әрине, мұны мен



жекеменшік малын бағып отырған шаруалардан бастадық. Онан соң, Жонды жағалай отырып 45-тің бұрылысы деп аталатын Жаңатасқа қарай кететін күре жолдың екі бетін ала орналасқан шаруақожалықтардың иелеріне жолықтық. Көпшілігі Құмнан енді шығып, жаз жайлауларына жаңадан жайғасып жатқан көрінеді. Негізінен, елді мекендерде ауылшаруашылығы жануарларын (төрт түлік малды) жаюдың қағидаттарын бұзған жағдайда салынатын айыппұлдың көлемі 9189 т (АЕК); Жеке тұлғалардың денсаулығына немесе мүлкіне залал келтіруге әкеп соқтырған дәл әрекеттерге салынатын айыппұлдың көлемі 30 630 т (10 АЕК) құрайды екен. Ал енді, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 147- бап. Егістіктерді, маяларды таптау, ауылшаруашылығы дақылдарының алқапта жиналған астығын бүлдіру немесе жою, екпелерді зақымдау орын алған жағдайда: Жеке тұлғаларға 61 260т (20 АЕК); Заңды тұлғаларға 122 520т (40 АЕК) көлемінде айыппұл салынатын көрінеді. Ал егер, осындай заң бұзушылық бір жыл ішінде екінші рет орын алған жағдайда: Жеке тұлғаларға 153 150т (50 АЕК); Заңды тұлғаларға 2014 410т (70 АЕК) көлемінде айыппұл салынады. Міне, күні бойы ара-

Жондағы жайылымдық, шабындық және егістік жерлерге қатысты айтып отырмын.

Сөз соңында, Құрметті Созақ ауданының тұрғындары, шаруақожалықтардың иелері, оның ішінде төрт түлік мал бағуды кәсіп еткен жерлестер! Сіздерден өтініш, иеліктеріңіздегі малдарыңызды мүмкіндік болғанынша, айналаңызда отырған егістік жерлерден жыраққа бақсаңыздар. Тура, сіздің мал бағуды кәсіп етіп, несібеңізді теріп отырғаныңыз секілді, жаныңызда жер еміп, ерте көктемнен қара күзге дейін қолынан кетпеген түспейтін шаруаның да еңбегін бағалаңыздар! Жақсы мұсылман, оның тілі мен қолынан қоңсысы зиян көрмеген мұсылман. Ендеше, қоңсыңызға, қоғамға пайдаңыз тимесе де, зияныңыз тимесін!

Данияр БЕК.

ТҮЛЕКТЕР ЕСТЕЛІК БЕЛГІ ҚАЛДЫРДЫ

Жалпы аудан көлемінде жыл сайын мектеп бітіргендерден бастап, мектеп бітіргендеріне он, жиырма, отыз, қырық жыл болған түлектер бас қосады. Олар өздерін тәрбиелеп, ержеткізіп, бойжеткізіп білім берген мектептеріне, ұлағатты ұстаздарына, өсіріп, қанат қақтырған ауылдарына, талай жылдар асық ойнап, доп қуалаған кешелеріне перзенттік парыздарын өтеу мақсатында ортадан қаржы жинақтап өз қалтаңбаларын қалдыруда. Сондықтан мектеп түлектері ойға алған мақсаттарын, тың ұсыныстары мен жобаларын алдымен ауыл әкіміне көрсетіп, ауылдағы салтымыз бен дәстүрімізден хабары мол ақылман қарияларымыздың алдынан өткізіп ақыл кеңестерін тыңдап жатады. Осы мәселе бір ғана ауданға немесе қалаға ғана тән емес. Мектебі бар, оның бітіруші түлегі бар барлық ауылдар мен ауылдарға, қалалар мен кенттерге қатысты мәселе екені даусыз. Естелік белгі деген бір сәттік жылт етер дүние емес. Ол күндіз түні, қысы жазы, айлардан жылдарға жалғасқан уақыттар бойы тұрады. Әрі сол тұрғысында болашақ ұрпаққа өзінің рухани тәлімін дарытатындай болуы керек. Оның басты мақсаты мен мән-мағынасы бірінші кезекте ауыл тұрғындарының ауызбіршілігі мен ынты-



мағына, достығы мен татулығына маңыз беретіндей болуы керек. Сонда ғана ескерткіш өзінің айрықша мақсатын орындап салтанаттана түседі. Сондай естелік арканы Қарақұр ауылында кешегі мереке күні халықтың игілігіне ұсынды. 1985 жылы туылған түлектер өздерінің 20 жылдық кездесуін мәнді өткізді деп ойлаймын. Ең бірінші кезекте осындай бастамаларды қолдаған ауыл әкімі Ордабек Жәмиев жастарға зор қолдауын білдіріп ашылу салтанатына қатысып түлектерге ауыл жұртшылығы атынан ыстық ілтипатын жеткізді. Ауылдың қарт ұстазы Бегімжанов Ортай ағай жастарға аталық батасын берді. Түлектер өмірден озған ұстаздары мен кластас достары Мұрат Қожабековтің рухына бағыштап ауыл мешітінде ас берді. Жалпы өнегелі шара ауыл тұрғындарының жылдар бойы айта жүретін ұлағатты шарасына ұласты.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Өткен жылдар күркірі

Өткен жылдың 24 қарашасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойған болатын.

Осыған орай, 2021 жыл 4 ақпанда Түркістан облысында саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі өңірлік дербес комиссия құрылды. Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысы өтті.

Мемлекеттік комиссия құрамына ҚР Президент Әкімшілігі мен Үкіметінің өкілдері, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мүдделі мемлекеттік ұйымдардың басшылары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен еліміздің ғалымдары бар. Барлығы Комиссия құрамына 49 адам кіреді. Мемлекеттік хатшы өзінің сөйлеген сөзінде Мемлекеттік комиссияның басты міндеті – кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіру екенін атап өтті. Материалдарға жан-жақты әрі кешенді зерделеу жүргізгеннен кейін, халықаралық тәсілдер мен стандарттар негізінде толықтай заңды, ал жекелеген санаттарға қатысты – қуғын-сүргін құрбандарын саяси ақтау жоспарланып отыр.


Отырыс барысында Мемлекеттік комиссияның қызметін ұйымдастырудың міндеттері мен негізгі сәттері, оның 2020-2021 жылдарға арналған жұмыс жоспары, қуғын-сүргін құрбандарының түрлі топтарын ақтау жөніндегі қызметті әдіснамалық қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Қуғын-сүргінге ұшыраған әр түрлі топтарды ақтау бағыттарын пысықтау үшін арнайы жұмыс топтарын құру ұсынылды.

Отырыс қорытындылары бойынша Мемлекеттік комиссия төрағасы Қырымбек Көшербаев мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға Мемлекеттік комиссия қызметі мәселелері жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Тарихи деректер сөйлейді

Түркістан облысы бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған кулак, байлар, жартылай феодалдар (орта шаруалар) және шаруаларды ақтау: атқарылған жұмыстар мен туындаған мәселелер туралы Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві директоры Шардарбекова Гүлнар Сәдібекқызы баяндама жасады. 2021 жылдың сәуір айында Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының архивінде 1920-1950 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшырағандарды толық ақтау жөніндегі құрамы 8 адамнан тұратын жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобы меморандуммен, әдістемелік ережелермен танысты, міндеттер мен мақсаттар анықталып, жұмысшы тобының жұмыс жоспары құрылды. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының архивінің мына қорлары бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілуде:

- 1). 28 қор-Бүкілодақтық Коммунистік партиясы Сырдария губерниялық комитетінің бақылау партиялық комиссиясы, 1923-1927ж.ж;
- 2). 31 қор-Бүкілодақтық Коммунистік партиясы Сырдария өлкелік комитетінің бақылау партиялық комиссиясы, 1928-1930 ж.ж;
- 3). 16 қор-Оңтүстік Қазақстан Коммунистік партиясы (большевиктердің) облыстық комитеті, 1932-1991ж.ж;
- 4). 26 қор-Бүкілодақтық Коммунистік партиясы Сырдария губерниялық комитеті, 1924-1928 ж.ж;
- 5). 29 қор-Бүкілодақтық Коммунистік партиясы Сырдария өлкелік комитеті, 1928-1930 ж.ж;



- 6). 17 қор-Бүкілодақтық Коммунистік партиясы Шымкент қалалық аудандық комитеті, 1924-1930 ж.ж;
- 7). 23 қор-Бүкілодақтық Коммунистік партиясы Шымкент уездік қалалық комитеті, 1922-1928 ж.ж;
- 8). 40 қор-Қазақстан Коммунистік партиясы Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті, 1932-1991ж.ж;
- 9). Қазақстан Коммунистік партиясының аудандық комитеттері, 1928-1991 ж.ж. Бай-кулактарды тәркілеуге тікелей қатысты құжаттар

- Қаз АКСР Орталық Атқару Комитеті мен ХКК-нің 1926 жылғы 20 мамырдағы «Жерге орналаспай жер пайдаланатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шабындық және егістік жерлерін уақытша қайта бөлу туралы» декреті қабылданды.
- Қаз АКСР Орталық Атқару Комитеті мен ХКК-нің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» декреті қабылданды.
- Қаз АКСР Орталық Атқару Комитеті мен ХКК-нің 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы» декрет қабылданды.
- Қаз АКСР Орталық Атқару Комитеті мен ХКК-нің 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» декрет қабылданды.

Малдың түр-түрін ірі қараға балап есептеудің жолы 1928 жыл, 30 тамыз. Қызылорда қаласы

Қазақстанның кеңес комитеті мен комиссарлар кеңесінің 1928 жылғы тамыз 27-сінде шығарған қаулысының жолында жер аударылатын байлардың малын кәмпескелеп, ол малды кедейлерге таратқанда, Қазақстан комиссарлар кеңесінің осы ұйғарған жолымен іс қылынсын:

- 1.Екі жасқа толған жылқы, сиыр, өгіз, түйенің әрқайсысы бір ірі қара делінеді.
- 2.Ұсақ малды ірі қараға есептегенде, мынандай сан қолданылсын.
- 3.Құлынның 3-уі бір ірі қара болады
- 4.Тайдың 2-уі бір қара болады
- 5.Құнанның 1-уі бір ірі қара болады.
- 6.Құнажын сиыр мен құнан өгіздің 1-уі бір ірі қара болады.
- 7.Тайыншаның 3-уі бір ірі қара болады.
- 8.Бұзаудың 5-уі бір ірі қара болады.
- 9.Қойдың 5-уі бір ірі қара болады
- 10.Ешкінің 6-уы бір ірі қара болады
- 11.Түбіт жүнді меринос қойдың 3-і бір ірі қара болады
- 12.Ботаның 3-уі бір ірі қара болады
- 13.Тайлақтың 2-уі бір ірі қара болады.

Ескерту: қойдың биыл туған тоқтысы ірі қоймен бірдей болып есептеледі. Байдан алған малды тиісті жолымен үлестіргенде (құлын, бота, бұзау сықылды) сүт еміп жүрген түлік енесінен айырылмайтын болсын.

«Жаппай ұжымдастыру аймақтарындағы кулак шаруашылықтарын жою жөніндегі шаралар туралы» декретке сәйкес бай- кулактар үш са-

натқа бөлінді:

- 1).Контрреволюциялық белсенділер;
- 2).Ең бай кулактар мен жартылай жер иелерінен құралған контрреволюциялық белсенділер;
- 3).Қалған бай-кулактар.

- 1-ші санаттағы кулак отбасыларының басшылары қамауға алынды.
- 1-ші санаттағы кулактардың отбасы мүшелері және 2-ші санаттағы кулактар КСРО-ның шалғай жерлеріне көшірілді.
- 3-ші санатқа жатқызылған кулактар аудан шегінде колхоз массивтерінен тыс жерлерде олар үшін арнайы бөлінген жаңа жерлерге қоныстанды.

«Қазақстанның кеңес комитеті мен Комиссарлар кеңесінің 1928 жылы 27 тамызда шығарған қаулысында жер аударылатын кісілердің баратын жерлері» туралы қаулысы:

Жер аударылған кісілер бір округтен бір округке мына ретпен жөнелтілсін:

1. Жетісу мен Сырдария округінің кісілері Орал (Теке) округіне;
2. Орал округінің кісілері-Жетісу округіне;
3. Гурьев (Үйшік) округінің кісілері-Петрапауыл(Қызылжар) округіне;
4. Қарқаралы округінің кісілері-Қостанай округіне;
5. Семей округінің кісілері-Сырдария округіне;
6. Павлодар (Кереку) округінің кісілері-Ақтөбе округіне;
7. Петропавл(Қызылжар) округінің кісілері-Ақтөбе округіне;
8. Қызылорда округінің кісілері-Адай округіне;
9. Ақмола округінің кісілері-Гурьев (Үйшік) округіне;
10. Ақтөбе округінің кісілері-Қарқаралы округіне;
11. Қостанай округінің кісілері-Семей округіне; жөнелтілсін.

Бұл қаулыны жергілікті кеңес комитеттері бұлжытпай іске асырсын.

Нұрмақұлы Нығмет,
Қазақстанның комиссарлары кеңесінің ағасы,
Петрова,
Комиссарлар кеңесінің хатшысы.

Ақтаңдақтар сыры ақтарыла айқындалуда

2021 жылдың сәуір айында Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының архиві жанында 1920-1950 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшырағандарды толық ақтау жөніндегі құрамы 8 адамнан тұратын жұмыс тобы құрылып, ең алдымен Сабыр Қасымов жетекшілігіндегі Методология бойынша кіші комиссия даярлаған Әдістеме және Нұсқаулықтармен танысты, міндеттер мен мақсаттар анықталып, жұмыс жоспары құрылды.

1. Түркістан облысы мемлекеттік қоғамдық-саяси тарихы архивінің 28-ші, 31, 16, 17, 23, 26, 29, 40 қорлары және Қазақстан Коммунистік партиясының аудандық комитеттері бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

- II. Кулактар мен байларды, орта

шаруалар шаруашылығын тәркілеуге негіз болған 1926-1930 жылдар аралығындағы нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттар іздестірілді және айқындалды. Атап айтқанда: «Жерге орналаспай жер пайдаланатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шабындық және егістік жерлерін уақытша қайта бөлу туралы» декреті; «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» декреті; «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы» декреті; «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» декреті негізінде тәркілеу іске асырылған болатын.

III. Жер аударылатын байлардың малын тәркілеуге қатысты (малдың түрлерін ірі қараға балап есептеу туралы), 1928 жылдың 27 тамызында Қазақстанның комиссарлар кеңесінің арнайы Қаулысы қабылданған болатын. «Кулак шаруашылықтарын жою жөніндегі шаралар туралы» декретке сәйкес бай- кулактар үш санатқа бөлінді. «Контрреволюциялық белсенділер; «бай-кулактар» аталып, қамауға алынды, КСРО-ның шалғай жерлеріне көшірілді немесе арнайы жаңа жерлерге қоныстандырылды. «Қазақстанның кеңес комитеті мен Комиссарлар кеңесінің «Жер аударылатын елді-мекендер туралы» (27.08.1928) Қаулысымен, Мысалы, Жетісу мен Сырдария округінен тәркіленгендер Орал (Теке) округіне, Семей округінен Сырдария округіне жер аударылды.

Мысалы, Сырдария округі бойынша 1928-1929 жылдары Созақ, Түркістан, Жаңақорған, Мерке, Қарспан, Талас, Шаян, Бадам, Қызылжам, Келес, Қаратас, Үрджар, Түлкібас сияқты 13 ауданнан 1-санатта 101 бай-кулактар мүлкі тәркіленсе, екінші санатқа 9 адам іліккені айқындалды. Сырдария округінің Түркістан уезінің Созақ, Шағатай, Қарнак, Шілік болыстары бойынша осы кезеңде тәркіленген байлар мен жартылай байлар саны-113 адам. 1928-1930 жылдардағы тәркілеу науқанына қатысты құжаттар қаралып, 460 парақ көлемінде құжаттардың көшірмесі алынды.

IV. Қуғын-сүргінге ұшырап, сотталған байлар, орта шаруалар, кулактар тізімі, не үшін сотталғаны, жаза түрлері мен мерзімі айқындалды. Атап айтқанда: астық даярлау бойынша тапсырманы орындамағаны және егін науқанынан мүлде бас тартқаны, артық дәнді өткізбегені, ет даярлау бойынша тапсырманы орындамағаны, үгіт жүргізгені үшін (3-5 жыл) сотталған және тапсырмаға қарсы шыққаны үшін республикадан тыс жер аударылған.

V. 1930-1931 жылдары Созақ ауданынан басқа қалалар мен республикаға кеткен 35 қоғамдастырушының, оның ішінде 8 орташа, 27 бай-кулак қожалығы айқындалып нақты тізімі жасалды. Олар Ташкент, Бұқара, Әндіжан, Жалалабад, Шымкентке қоныс аударған.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне және Орталық мемлекеттік архивіне, қызметтік іссапарлар жасалынды. Зерттеу жұмыстары барысында Сырдария округі бойынша мал-мүлкі тәркіленген бай-кулактардың жалпы саны және қай категорияға жатқызылғандығы туралы мәліметтер, Оңтүстік Қазақстан облысының әскери тұтқында болған жауынгерлердің тізімі т.б. құжаттар көшірмелері алынды.

Гүлнар ШАРДАРБЕКОВА,
Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві директоры,
Түркістан облысы бойынша қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмысшы топтың жетекшісі.

